

**Қарқаралы ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № VIII-10/74 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қыркүйекте № 6487-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қарашадағы № VII-12/93 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 22.11.2023 № VII-12/93 шешімімен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 510 бабының 1 тармағына сәйкес, Қарқаралы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қарқаралы ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қарқаралы ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасының (схемасының) негізінде жер салығының базалық мөлшерлемелеріне жер салығы мөлшерлемелері арттырылсын.

3. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Қарқаралы аудандық мәслихатының төрағасы*

*С. Оспанов*